

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттар

Государственные нормативные документы в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, жилищных отношений и коммунального хозяйства

**ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ
ОБЪЕКТІЛЕРІНЕН ҚОРШАҒАН ОРТАҒА
ШЫҒАРЫЛАТЫН ЗАТТАРДЫҢ ЭМИССИЯСЫН
ТӨМЕНДЕТУДІ АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**МЕТОДИКА ОПРЕДЕЛЕНИЯ СНИЖЕНИЯ
ЭМИССИЙ ВЫБРОСОВ В ОКРУЖАЮЩУЮ
СРЕДУ ОТ ОБЪЕКТОВ ЖИЛИЩНО-
КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА**

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі

Агентство Республики Казахстан по делам строительства
жилищно-коммунального хозяйства

Астана 2011

Алғы сөз

ӘЗІРЛЕГЕН:	«Тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамы
ҰСЫНҒАН:	Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті
ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ІСКЕ ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ:	Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 29.12.2010 ж. № 606 бұйрығымен
ОРНЫНА:	01.05.2011ж. бастап енгізілді. Алғаш рет енгізілген.

Предисловие

РАЗРАБОТАН:	Акционерным обществом «Казахстанский центр модернизации и развития жилищно-коммунального хозяйства»
ПРЕДСТАВЛЕН:	Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:	Приказом Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства от 29.12.2010 г. № 606 с 01.05.2011г.
ВЗАМЕН:	Введены впервые.

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық саласындағы Уәкілетті органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа РК в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, жилищных отношений и коммунального хозяйства.

**БЕЛГІ ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

Мазмұны

1	Қолдану саласы	4
2	Нормативті сілтемелер	4
3	Терминдер мен анықтамалар	5
4	Жалпы ережелер	6
5	Қазандық қондырғылардың атмосфераға бөлетін шығарындыларды азайтуды анықтау әдістері	7
5.1	Бөлінетін түтінді газдарда күкірт оксидтерін азайту жөніндегі іс-шаралар.....	7
5.2	Бөлінетін түтінді газдарда азот оксидтерін азайту жөніндегі іс-шаралар.....	8
5.3	Бөлінетін түтінді газдарда көміртегі оксидін азайту іс-шаралары	9
5.4	Бөлінетін түтінді газдарда қатты бөлшектерді азайту іс-шаралары ...	9
6	Аспаптық өлшемдер негізінде ластайтын заттардың құрамын анықтау әдістері.....	12
	А қосымшасы Атмосфераға ластайтын заттардың бөлінетін шығарындыларының нормативтері	16
	Б қосымшасы Қазан қондырғылары	18
	В қосымшасы Ластайтын заттардың концентрациясын анықтаудың есептік әдістері	19
	Г қосымшасы Ванадийге қайта есептегенде мазут күлі шығарындыларын есептеу	21
	Д қосымшасы Отындардың құрамы	22
	Е қосымшасы Сауалнама парақтарының формалары	25

ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРІНЕН ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ШЫҒАРЫЛАТЫН ЗАТТАРДЫҢ ЭМИССИЯСЫН ТӨМЕНДЕТУДІ АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ОПРЕДЕЛЕНИЯ СНИЖЕНИЯ ЭМИССИЙ ВЫБРОСОВ В ОКРУЖАЮЩУЮ СРЕДУ ОТ ОБЪЕКТОВ ЖИЛИЩНО- КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА

Еңгізілген күні - 01.05.2011 ж.

1 Қолдану саласы

1.1 Осы әдістеме қоршаған орта мен адам денсаулығын тұрғын үй және коммуналды шаруашылық объектілерінен қорғауды қамтамасыз етуге арналған, қоршаған ортаға қазандық қондырғылардан, атмосфераға тұрғын үй және коммуналды шаруашылық объектілерден бөлініп шығатын эмиссиялардың төмендеуін анықтау әдістерін қарастырады және тастандылардың мөлшерін анықтау әдістерін келтіреді.

1.2 Әдістеме тұрғын үй және коммуналды шаруашылық кәсіпорындарына қолданылады.

2 Нормативті сілтемелер

Осы НТҚ-ты қолдану үшін келесі сілтемелі нормативті құжаттар қажет:

- Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі;
- «Жылу электр станцияларының қазандарында түрлі отындарды жағу кезінде қоршаған ортаға бөлінетін эмиссияларға қойылатын талаптар» техникалық регламенті. ҚР Үкіметінің 14 желтоқсан 2007 жылғы №1232 Қаулысы және «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 14 желтоқсан 2007 жылғы № 1232 Қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы». Қазақстан Республикасының 21 шілде 2010 жылғы № 747 Қаулысы;
- Мемлекетаралық стандарт МСТ 30735-2001 Жылу өнімділігі 0,1 МВт-тан 4,0 МВт-қа дейін су жылытатын жылу беретін қазандар. Жалпы техникалық шарттары;
- МСТ Р ИСО 10849-2006 Стационарлы көздердің шығарындылары. Азот оксидтерінің жаппай концентрациясын анықтау;
- ҚР СТ1516-2006 Табиғат қорғау. Атмосфера. Ластанудың стационарлы көздерінен азот оксидтерінің шығарындылары мөлшерін анықтаудың фотометриялық әдісі;
- ҚР СТ 170.0.040-2002 Табиғат қорғау. Атмосфера. Күкірт диоксиді шығарындыларын анықтау;

- ҚР СТ 1876-2009 Табиғат қорғау. Атмосфера. Ластанудың стационарлы көздерінен күкірт үшөксидтері шығарындыларын анықтау әдістері;
- ҚР СТ 1877-2009 Табиғат қорғау. Атмосфера. Ластанудың стационарлы көздерінен көміртегі оксиді шығарындыларын анықтау әдістері;
- ҚР СТ МСТ Р 12141 Стационарлы көздердің шығарындылары. Төменгі концентрацияларда шаң-тозаңның жаппай концентрациясын анықтау. Қолмен гравиметриялық әдіс;
- БҚ 34.02.305 ЖЭС қазандық қондырғылардан атмосфераға ластанған заттардың жаппай шығарындыларын анықтау әдістемесі;
- Drager MSI 150 PRO2-і жағатын газдардың тасымалданатын төрт арналы талдағышта азот оксидтерін, күкірт оксидтерін, көміртегі оксидтерін анықтау.

ЕСКЕРТУ: Осы Әдістемені қолданған кезде ағымдағы жылдағы жағдай бойынша және ағымдағы жылда жарияланған ақпараттық нұсқағышта жарияланатын әр айға сәйкес жыл сайын жарияланатын «Стандарттау жөніндегі нормативті құжаттардың көрсеткіші» бойынша сілтемелі стандарттар мен жіктегіштердің қолданылуын тексерген жөн. Егер сілтемелі құжат енгізілген (өзгертілген) болса, онда осы Әдістемені пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелі құжат ауыстырылмай жіберілген болса, онда оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемеге қатысы жоқ жерде қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Бұл құжатта тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

Түгін (кетегін) газдар: Қазандық қондырғыда отынды жағу нәтижесінде пайда болатын газдар.

Қазандық қондырғы: Қазан мен қосымша жабдықтың жиынтығы.

Эмиссиялардың техникалық меншікті нормативтері: Уақыт бірлігі немесе өндірілген электрлі немесе жылу энергиясының бірлігінде қоршаған ортаға ластанған заттардың шығарындылары мен тастандыларының ең үлкен рұқсат етілген мәндерін айқындайтын эмиссиялардың шамалары.

Шартты отын: Меншікті жану жылуы 7000 ккал/кг (29,33 Мдж/кг) түрлі органикалық отынның жылу құндылығын салыстыруға арналған, техникалық-экономикалық есептеулерде қабылданған және нормативтер мен стандарттар арқылы реттелетін бірлік.

Шекті рұқсат етілген шығарынды (ШРШ): Газ тәрізді шығарындыларда уақыт бірлігіндегі ластанатын заттың ең үлкен рұқсат етілген концентрациясы.

Шекті рұқсат етілген концентрациялар (ШРК): Тұрғылықты жерлердегі жұмыс аймағының ауасындағы және атмосфералық ауадағы зиянды заттардың ең үлкен рұқсат етілген концентрациясы.

Аспаптық өлшемдер: Шығарындылар көлемінде заттың концентрациясын тікелей физикалық, химиялық немесе физико-химиялық анықтаудың әдістері.

Қосымша жабдық: Тартып үрлейтін машиналар, қыздыру беттерін тазалайтын құрылғылар, қазан қондырғысы шеңберінде отынды беру және отынды әзірлеу, шлакты және күлді жоятын жабдық, күлді ұстайтын және басқа да газ тазартатын құрылғылар, қазанға кірмейтін газ және ауа өткізгіштер, су, бу және отын құбырлары, арматура, гарнитура, автоматика, бақылау және қорғау құралдары мен құрылғылары, сондай-ақ, қазанға қатысы бар су әзірлейтін жабдық және түтін құбыры.

4 Жалпы ережелер

4.1 Құжат Қазақстан Республикасының 16.04.1997 жылғы «Тұрғын үй қатынастары» № 94 және 16.07.2001 жылғы «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» №242-ІІ заңнамасына сәйкес жасалған.

Құжат Қазақстан Республикасының ҚнжЕ 1.01.01.-2001 «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер» талаптарына сәйкес келеді.

4.2 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі оның қоршаған ортаға әсерін бағалауды есепке ала отырып жүзеге асырылуы және экологиялық қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуі керек. Іс-шаралар әсер етудің осы түрі үшін заңнамамен белгіленген нормативтерге және (немесе) шекті рұқсат етілген деңгейге (жүктемеге) сәйкес орындалады.

4.3. Барлық отын түрлерінде жұмыс істейтін камералы және қатпарлы жаққышы бар қазан қондырғылары эмиссиялардың техникалық меншікті нормативтерін қамтамасыз етуі, түтінді газдардың құрамын бақылайтын құралдармен жабдықталуы, күлді және газ тазартатын жабдығы, автоматты баптау жүйелері, қазан қондырғыларының қорғанысы мен технологиялық құрсаулануы болуы керек.

Жылу энергиясын өндіретін әр кәсіпорында:

- тұтынатын отын түріне байланысты қазанға түсетін нормативті жылу жүктемелері жасалуы;

- жүктеме есебі жүргізілуі (ауысымдық, тәуліктік, айлық, жылдық);

- ең азы әр бес жыл сайын қазандардың техникалық күйіне тұрақты бақылау жүргізуі, жоспарлы жөндеу жұмыстары (күрделі, ағымдағы) және мерзімдік техникалық куәландыру өткізілуі керек;

- қазанға оларды қауіпсіз пайдалану ережелерінің талаптарына сәйкес номиналды мағлұматтары бар тақтайшалар бекітілуі;

- қазанға техникалық құжаттама жиынтығын (нұсқаулар, монтаж сұлбалары, сызбалар, нұсқаулықтар) сақтауы және егер пайдалану кезінде қазан жаңартылған немесе жөнделген болса, оларға уақытылы өзгерістер енгізуі;

- техникалық пайдалану ережелеріне сәйкес қазанға отынды әзірлеуі және жеткізуі;

- атқаратын қызмет талаптары көлемінде қазан қондырғыларын пайдалану, жөндеу жұмыстарын және техникалық қызмет көрсетілуін жүзеге асыратын қызметкерлердің арнайы дайындығын өткізуі;

- зертхана белгіленген тәртіп бойынша аккредитацияланған түрлі отынды жаққан кезде қоршаған ортаға бөлінетін эмиссияларды өлшеуі керек.

ЕСКЕРТУ: А қосымшасында эмиссиялардың нормативтері келтірілген, Б қосымшасында қазан қондырғылары туралы мәліметтер келтірілген.

5 Қазандық қондырғылардың атмосфераға бөлетін шығарындыларды азайтуды анықтау әдістері

Қолданыстағы қазандық қондырғылардан атмосфераға бөлінетін ластайтын заттардың эмиссияларын азайту ластайтын заттардың шығарындыларын шектеу жөніндегі жабдық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, қазандық қондырғыларды пайдаланудың оңтайлы режимімен қамтамасыз етілетін, техникалық түрде жетімді және экономикалық тұрғыда орынды іс-шаралармен анықталады.

Режимдік іс-шараларды өткізу және ластайтын заттардың шығарындыларындағы құрамды азайту жөніндегі технологиялық әдістердің нәтижелері түтінді газдарда ластайтын заттардың құрамын талдаудың стандартты әдістерімен анықталады. Өндірістік бақылау секундқа шаққандағы грамдағы және бір жылға шаққандағы тоннадағы жаппай шығарындылардың белгіленген нормаларын бағалауды; №2-тп (ауа) формасы бойынша есеп беруге қатысты бастапқы мағлұматтарды қамтамасыз етеді. Технологиялық бақылау меншікті шығарындылар туралы жүйелі мағлұматтарды; меншікті шығарындылардың нормаларын; атмосфераға бөлінетін шығарындыларға арналған қазандардағы және шаң-газ тазартатын жабдықтардағы технологиялық процестердің әсер ету ақпаратын қамтамасыз етеді.

Стационарлы қондырғыларда атмосфераға түрлі отынды жаққан кезде ластайтын заттардың едәуір мөлшері: күкірт диоксидіне қайта есептегендегі күкірт оксидтері, азот оксидтері, қатты бөлшектер, көміртегі оксиді, ванадий пентаоксиді, аз мөлшерде формальдегид, көмірсутегі, құрамы нормалануы тиіс өнімділігі 30 т/сағ аз қазандар үшін құрым және бензапирен.

5.1 Бөлінетін түтінді газдарда күкірт оксидтерін азайту жөніндегі іс-шаралар. Түтінді газдарда күкірт оксидтерінің құрамын азайтудың негізгі бағыттары бар:


- жану режимін бақылауды қамтамасыз ету;

- биік құбырлармен әлсіздендіру: атмосфераның жер бетіне жақын қабаттарда шығарындылардың концентрациясын азайта отырып, биік құбырларды салу, стансаларға жақын жерлерде ластану ауданын көбейтеді;

- кететін түтінді газдарды жаққаннан кейін күкірт оксидтерінен тазалау.

Күкірт диоксидінен бөлінетін газдарды тазарту үшін хемосорбциялық әдістердің көп мөлшері ұсынылған, бірақ практикада олардың кейбіреулері ғана қолданылады. Бұл бөлінетін газдардың көлемі үлкен болып, ал олардағы күкірт диоксидінің концентрациясы аз болуымен байланысты, газдар жоғары температурамен және шаңның біршама құрамының болуымен сипатталады. Сору үшін су, су ерітінділері мен сілтілі және сілтілі-топырақты металдардың тұздар суспензиясымен қолданылуы мүмкін.

Күкірт диоксидін сумен сору келесі реакциямен анықталады:



Суда күкірт диоксидінің төменгі мөлшерде еруімен байланысты тазалау үшін оның көп мөлшерде жұмсалуды және үлкен көлемдегі абсорберлері қажет. Осылайша процесті өткізу үлкен энергиялық шығындармен байланысты.

Әк және ақтасты әдістер. Күкірт оксидтерінен түтінді газдарды тазалау әдістерінен дүниежүзінде әк ($\text{Ca}(\text{OH})_2$ кальций оксиді гидраты) немесе ақтасты суспензиямен (CaCO_3 кальций карбонаты) кең танымал болған. Скрубберлерде түтінді газдар сулы суспензияда CaCO_3 пен түйіседі, өзара әрекет ету циркуляциялық бакте аяқталады және тұндырғыға жіберіледі, мұнда седиментация арқылы $\text{CaSO}_3 \cdot \frac{1}{2}\text{H}_2\text{O}$ сульфиттері мен $\text{Ca SO}_4 \cdot \frac{1}{2}\text{H}_2\text{O}$ сульфаттары сияқты қатты бөлінеді. Қарапайым технологиялық сұлба, төменгі пайдалану шығындар, сорбенттің қолжетімділігі және арзан болуы, газды алдын ала суытпай және шаңын алмай газды тазалау мүмкіндігі осы әдістердің ерекшелігі болып табылады. Әк және ақтасты әдістердің кемшіліктері: гипс шөгінділері жүйелерінің көбеюі, тұнбалардың түзілуі, абсорберлерден біршама шашырандылардың кетуі.

Қалпына келтірілмейтін әдістер. Кәсіпорындардың сілтілі ағын суларын пайдалану негізіндегі әдіс күкірт диоксидінен түтінді газдарды тазалаудың перспективалық және арзан әдістерінің бірі болып табылады. Оның үстіне газдарды тазалаудың және осы жиындыларды біруақытта бейтараптандырудың жоғары деңгейіне қолжеткізіледі. ЖЭС-нан бөлінетін газдар үшін күкірт диоксидтерін гидрокүлді жоюдың сілтілі ағын суларымен тазалау процесі ұсынылған.

Күкірт оксидтері концентрациясын анықтау ҚР СТ 1876, ҚР СТ 170.0.040 бойынша өткізіледі.

5.2 Бөлінетін түтінді газдарда азот оксидтерін азайту жөніндегі іс-шаралар. Барлық отын түрлерін жаққан кезде түтінді газдарда азот оксидтерінің құрамын азайтудың негізгі бағыттары:

- жану режимін бақылауды қамтамасыз ету;
- жанған кезде азот оксидтерінің түзілімін басу:
 - а) артық ауаның коэффициентін азайту;
 - б) сатылы жағу;

в) түтінді газдардың рециркуляциясы;
- жанарғы конструкцияларының әсері;
- қайнап тұрған қабатты жаққышта өрттеу;
- жер бетіне жақын атмосфера қабаттарында шығарынды концентрациясын азайту үшін биік құбырлармен әлсірету.

Практикада бөлінетін газдармен бірге біруақытта олар болған кезде оксид және азот диоксиді шығарылады. Абсорбциялық процестердің ең күрделі тұсы төменгі химиялық белсенділікпен және азот оксидінің еруімен байланысты. Мұндай мәселені шешу жолдары: газдық фазада азот оксидінің және азот диоксидінің толық тотығуы, азот оксиді мен азот диоксидінің эквимолекулярлы қоспасының пайда болуына алып келетін азот оксидінің азот диоксидіне жартылай тотығуы, селективті абсорбенттерді пайдалану, сұйық фазада тотығу немесе сородың сұйық фазалы катализаторларын пайдалану және азот оксидін белсенді химиялық қосындыларға ауыстыру.

Газдарды күкірт диоксиді мен азот оксидтерінен біруақытта тазалау әдісі. Құрамында SO_2 және NO_x бар шығатын газдар күкіртті отынды жаққанда пайда болады. Оларды тазарту үшін кешенді әдістер қолданылады.

NO_x -ті жоятын абсорбциялық әдістер азот оксидінің өте төменгі химиялық активтілігінен тотығу немесе қайта қалпына келу сатыларын құрайды. Кешенді әдістердегі тазарту деңгейі SO_2 -ден 90% және NO_x -тен 70-90% құрайды. Біруақытта тазарту сілтілік ерітінділермен жүргізіледі. $NaOH$ және Na_2CO_3 ерітінділерімен абсорбциялау кезінде жанама өнім ретінде Na_2SO_4 , $NaCl$, $NaNO_3$, $NaNO_2$ пайда болады, ал $Ca(OH)_2$ абсорбциялау кезінде $CaSO_4$ және $Ca(NO_3)_2$ пайда болады. Азот оксидінің тотығуы газдық фазасында толықтай немесе ішінара азот оксиді мен азот диоксидінің эквимолярлы қоспасы пайда болғанға дейін, сұйық фазасында сұйық фазалы катализаторларды қолдану арқылы жүргізілуі мүмкін.

АҚШ пен Жапонияда түтін газдарын азот оксидінен тазарту әдістері кең қолдау тапты, бұл елдерде ақ алтынды-ванадийлі катализаторда азот оксидін аммиакпен іріктелген катализдік қайта қалпына келтіру әдісі қолданылатын 100-ден артық қондырғылар жұмыс істейді, расында, бұл қондырғылардың құны өте қымбат, ал катализатордың қызмет көрсету мерзімі ұзақ емес.

Түтінді газдарда азот оксиді мен диоксиді концентрациясын анықтауды ҚР СТ 1516 және МСТ Р ИСО 10849 бойынша өткізеді.

5.3 Бөлінетін түтінді газдарда көміртегі оксидін азайту іс-шаралары. Толық жанбайтын отын өнімдеріне жану режимін бақылайтын концентрацияны азайтуға алып келетін көміртегі оксиді, формальдегид, көмірсутегі жатады. Көміртегі оксидтері шығарындыларын жанарғыларды және өрттеу режимдерінің әзірлемелері арқылы азайтуға болады. Сұйық отынды қолдану барысында көміртегі оксидінің пайда болуын азайтатын әдістердің бірі сумазутті эмульсия түрінде жағу болып табылады.

Түтінді газдарда көміртегі оксиді концентрациясын анықтау ҚР СТ 1877 бойынша жүзеге асырылады.

5.4 Бөлінетін түтінді газдарда қатты бөлшектерді азайту іс-шаралары.

Энергетикадағы бөлінетін түтінді газдарда қатты бөлшектердің құрамын азайту мәселелері батареялық циклондарда, құйынды шаң ұстағыштарда, тканьді сүзгілерде, электрлі сүзгілерде (орта және үлкен қуаттағы қазандар үшін), суланған шаңды ұстайтын аппараттарда шаңды ұстауды күшейтумен шешіледі.

Батареялық циклондар қатты отынды жаққан кезде қолданылады – бір топқа бірнеше кішкентай циклондарды біріктіру. Циклондық элементтің диаметрін азайту тазарту тиімділігін көбейту мақсатын көздейді. Батареялық циклондардың элементтерінің диаметрі 100, 150, 250 мм құрайды. Элементтегі газдардың оңтайлы жылдамдығы 3,5 м/с-тан 4,75 м/с-қа дейінгі шекте, тік элементтер үшін 11 м/с-тан 13 м/с-қа дейінгі шекте орналасқан. Газдарды тазалау кезінде олардың рұқсат етілген шаң-тозаң болуы 1-кесте мағлұматтары бойынша анықталуы мүмкін.

1-кесте Рұқсат етілген шаңға айналу

Элементтің диаметрі, мм	100	150	250
Түрлі иіріп алу кезінде бөлшектің рұқсат етілген концентрациясы, г/м ³			
«бұрама»	35	50	100
«розетка»	15	35	75

Құйынды шаң аулағыштар. Қосымша орайтын ағымның болуы олардың циклондардан ерекшелетін негізгі айырмашылығы болып табылады. Сүйірмек түріндегі аппаратта шаң-тозаң болған газды ағым күрек құйынға айналдырғышпен оралады және жоғары көтеріледі, осы кезде тангенциалды орналасқан сүйірмектерден шығатын қосалқы газдың үш ағыстың ықпалына ұшырайды. Ортадан тебетін күштердің әрекетімен бөлшектер шет жақтарға лақтырады, ол жерден ағыспен оларды төмен бағыттайтын қозған қосалқы газдың шиырма ағысты дөңгелек құбыр аралық кеңістікке лақтырады. Тазартылатын газдың ағысын шиырмалы қамту барысында қосалқы газ біртіндеп толығымен оған енеді. Кіретін түтікше айналасындағы дөңгелек кеңістік шаңды бункерге қайтармай түсіретін тіректі шайбамен жабдықталған. Күректі түрдегі құйынды шаң аулағыш қосалқы газ тазартылған газдың шет жақтан алынатындығымен және көлбеу күректері бар дөңгелек бағыттаушы аппаратпен берілетіндігімен ерекшеленеді. Құйынды шаң аулағыштарда қосалқы газ ретінде таза атмосфералық ауа, тазартылған газдың бөлігі немесе шаң-тозаң болған газдар қолданылуы мүмкін. Шаң-тозаң болған газдардың қосалқы газы ретінде пайдалану экономикалық тұрғыда ең тиімді зат болып табылады. Бұл жағдайда аппараттың өнімділігі тазалау тиімділігі біршама төмендемей 40-65%-ға көтеріледі. Циклондардағыдай диаметрдің көбеюімен құйынды аппараттардың тиімділігі түседі. Қосалқы газдың оңтайлы шығыны

бастапқының 30-35%-ын құрайды. Циклондармен салыстырғанда құйынды шаң аулағыштардың ерекшеліктеріне мыналар жатады:

- жоғары дисперсті шаңды аулаудың ең жоғары тиімділігі;
- аппараттың ішкі беттерінің жабысқақ күйде тозуының болмауы;
- суық қосалқы ауаны пайдалану есебінен жоғары температурасы бар газдарды тазалау мүмкіндігі;
- қосалқы газ мөлшерінің өзгеруі есебінен шаңды бөлу процесін реттеу мүмкіндігі.

Кемшіліктері:

- қосымша үрлейтін құрылғының қажеттілігі;
- аппараттан өтетін қосалқы газ есебінен газ көлемдерінің арттуы;
- пайдалану кезінде аппараттың үлкен күрделілігі.

Электрлі сүзгілер. Электрлі сүзгілерде газдарды шаңнан тазалау электрлі күштердің әрекетімен жүзеге асады. Газ молекулаларын электрлі разрядпен иондау барысында олардың құрамындағы бөлшектердің зарядын алады. Иондар шаңның беттеріне сорылады, ал электрлі өрістің әрекетімен олар бөлшектейтін электродтарда жылжып, отырады. Кейіннен электродтардағы жиналған шаңның мезгілдік бұзылуы және оны шаңға жинайтын бункерлерге отырады. Электрлі сүзгінің жұмыс тиімділігі шаң бен газ қасиеттеріне, аппараттың қимасында шаң болған ағысты бірқалыпты үйлестіру мен жылдамдыққа байланысты.

Суланған шаң аулағыштар. Суланған шаң аулағыштарда суаратын сұйықтық ретінде су жиі қолданылады. Түйісу бетіне немесе олардың іс-қимыл тәсіліне байланысты сегіз түрге бөлінеді:

- бос газ жуғыштар;
- тағылатын скрубберлер;
- табақты (барботажды, көбікті);
- жылжымалы саптамасы бар;
- соғылатын-инерциялық әрекет;
- ортадан тебетін әрекет;
- механикалық газ жуғыштар;
- жылдамдықты газ жуғыштар (Вентури және эжекторлы құбырлар)

Суланған шаң аулағыштардың ерекшеліктеріне мыналар жатады:

- өлшенген бөлшектерді аулаудың жоғары тиімділігі және төменгі құны;
- көлемі 0,1мкм-ге дейінгі бөлшектерден газдарды тазалау үшін қолдану мүмкіндігі;
- жоғары температурада және жоғары ылғалдықта, сондай-ақ, тазартылған газдардың жану мен жарылуы қаупі және ауланған шаң кезінде газдарды тазалау мүмкіндігі;
- шаңмен бірге біруақытта бу тәрізді және газ тәрізді компоненттерді аулау мүмкіндігі.

Суланған шаңды аулағыштардың мынадай кемшіліктері бар:

- ағын суды өңдеу қажеттілігімен, яғни, процестің қымбаттауымен байланысты қоспа (пульпа) түрінде ауланған шаңды бөліп шығару;

- сұйықтық тамшыларын кетіру және оларды шаңмен бірге газ жүретін және түтін соратын түтіктерге отырғызу мүмкіндігі.

Алдын ала қосылған Вентури коагулятор-құбырлары бар, кейіннен (ВКҚ) суарылатын ортадан тебетін скрубберлерде және эмульгаторларда шаңды аулау тазалау процесін ұйымдастырудың ең рационалды амалы болып табылады.

Атмосфераға қатты бөлшектердің эмиссияларын азайтуды шаң ұстайтын аппараттардың тиімділігін арттырумен қамтамасыз етуге болады:

- күлді ұстағаннан кейін тазартылған түтінді газдарды кейіннен жылыта отырып, ВКҚ суаруды күшейту есебінен;

- жұкалап суды тозаңдатуды қолдану және екі сатылы ВКҚ-ны пайдалану есебінен;

- ылғалды күл ұстаушыларды суаруға күл үйіндісінің сілтілі құрамының ақшыл суды пайдалану есебінен;

- инерциялық типтегі шаң ұстаушыларда шаң-газды ағым конструкциясын өзгерту және ұйымдастыру есебінен;

- электрлі сүзгілерде проблемалық шаңды ұстайтын түтінді газдарды температуралы-ылғалды кондиционерлеуді есебінен.

Сұйық отынды жағу барысында:

- түтін газдарын мазут күлінен тазарту батареялық циклондар арқылы жүзеге асырылады;

- мазут пен қатты отынды бірге жағу барысында түтін газдарын мазут күлінен тазарту күлді ұстап қалатын қондырғыларды жүзеге асырылады.

Түтінді газдарда қатты бөлшектердің құрамын анықтау ҚР СТ МСТ Р 12141 және осы саладағы басқа нормативті құжаттар бойынша жүргізіледі.

6 Аспаптық өлшемдер негізінде ластайтын заттардың құрамын анықтау әдістері

Түтін газдардағы ластайтын заттардың құрамы олардың концентрациясын азайту жөніндегі режимдік іс-шаралар мен технологиялық әдістерді жүргізу барысында құралдар арқылы өлшеу негізінде анықталады.

6.1 Қалыпты жағдайларда (температура⁰С және қысым 101,3 Кпа) м³/с түтінді газдардың көлемді шығыны және қалыпты жағдайларда мг/м³ ластайтын заттардың түтінді газдарындағы жаппай концентрациясы ЖЭС немесе қазандардың шығарындылары мөлшерін анықтауға және ластанудың әр көзін бақылауы қажет параметрлері болып табылады.

6.2 Ластайтын заттардың концентрациясы қазандық қондырғылардан алынатын сынамалардағы аспаптық өлшемдердің мағлұматтары бойынша анықталады. Қалыпты жағдайларға өлшеніп келтірілген і шығарындысының концентрациясы $C_{i_{\text{к.ж.}}}$, г/нм³ мына формула бойынша анықталады:

$$C_{i_{\text{к.ж.}}} = \frac{A \times Val}{V \times V_0}, \quad (1)$$

мұнда талданатын сынамадағы i -затының A - мөлшері, г;
 V_{al} - анализге алынған сынаманың көлемі, мл;
 V - барлық зерттелетін сұйықтықтың көлемі, мл;
 V_0 - анализге алынған және қалыпты жағдайларға келтірілген газды сынаманың көлемі (қалыпты жағдайлар $t = 0^{\circ}\text{C}$, $P = 101,3 \text{ КПа}$).

i шығарындысы дегеніміз түтінді газдардың бір бөлшегінің шығарындысы болып саналады.

Түтінді газдармен атмосфераға келіп түсетін г/с, ластайтын заттардың жаппай шығарындысы мына формула бойынша есептеледі:

$$M_i = C_{i_{к.жс.}} \times B_p \times V_{\Gamma} \quad (2)$$

мұнда B_p - сынақтар уақытына отынның шығыны, кг/с;
 V_{Γ} - түтінді газдардың көлемі, м³/кг.

Күкірт оксидтерінің, азот оксидтерінің концентрациясын анықтаған кезде V_{Γ} мына формула бойынша құрғақ газға қайта есептейді:

$$V_{\text{КГ}} = V_{\Gamma}^0 - V_{\text{H}_2\text{O}}^0 + (1,4 - 1) \times V^0 \times 0,984 \quad (3)$$

мұнда V_A^0 , $V_{\text{H}_2\text{O}}^0$, V^0 - отынның элементарлы құрамы немесе нормативті әдіс бойынша «Қазандық агрегаттардың жылу есебі» анықталады;

$V_{\text{H}_2\text{O}}^0$ - қатты отын үшін сулы булардың теориялық көлемі, м³/кг (газ тәріздес отын үшін м³/м³).

Кейіннен эмиссиялардың есебін жүргізу үшін мына формулаларды пайдалану керек (4-7).

4-8 формулалары бойынша есептеулер техникалық регламентке сәйкес келтірілген.

а) Ластайтын заттың грамның жылу бірлігіне г/МДж қатысты меншік шығарындысы мына формула бойынша анықталады:

$$n = \frac{M}{B \times Q}, \quad (4)$$

мұнда M - грамның уақыт бірлігіне г/с, кг/сағ, т/жылға шаққандағы шығарынды шамасы,

B - кг/с, кг/сағ, кг/жыл қатысындағы отын шығыны, газ тәріздестер үшін - м³/с, м³/сағ, м³/жыл,

Q_i^r - жұмыс массасына жанудың төменгі жылуы МДж/ кг (газ тәріздес үшін МДж/м³).

б) шартты отынның килограмның тоннаға шаққандағы кг/т.ш.о. немесе шартты отынның грамның килограмға шаққандағы г/кг ш.о. ластайтын заттың меншікті шығарындысы (m) мына формула бойынша анықталады:

$$m = n \times Q_{\text{шартты отынның}}^r \quad (5)$$

мұнда $Q_{\text{шартты отынның}}^r$ - жану жылуы 7000 ккал/кг (29,33 Мдж/кг) құрайтын отын.

в) n меншікті көрсеткішіне сәйкес келетін мг/м³ түтінді газдардағы ластанатын заттың концентрациясын мына формула бойынша есептейді:

$$M_{\text{зат}} = \frac{Q_{\text{шартты отынның}}^r}{V} \times a \quad (6)$$

мұнда V_A – қалыпты жағдайларда: температурасы 0°C, қысымы 101,3 кПа, a = 1,4 түтінді газдардың көлемі м³/кг (газ тәріздес отын үшін м³/м³);

Q_i^r - отынның жануының төменгі жылуы жұмыс массасына шаққанда МДж/кг (газ тәріздес отын үшін МДж/м³).

$$V_{\text{зат}} = V^0 + a \times M_{\text{зат}} \quad (7)$$

мұнда V_A^0 - қалыпты жағдайларда түтінді газдардың теориялық мөлшері м³/кг (м³/м³ - газ тәрізді отын үшін);

V^0 - қалыпты жағдайларда отынның толық жануына қажетті құрғақ ауаның теориялық мөлшері м³/кг (м³/м³ - газ тәріздес отын үшін);

a - артық ауаның коэффициенті.

Күкірт оксидтерінің, азот оксидтерінің концентрациясын V_{Γ} анықтаған кезде құрғақ газға мына формула бойынша қайта есептейді:

$$V_{\text{КГ}} = V_{\Gamma}^0 - V_{\text{H}_2\text{O}}^0 + (1,4 - 1) \times V^0 \times 0,984 \quad (8)$$

мұнда V_A^0 , $V_{\text{H}_2\text{O}}^0$, V^0 мәндері отынның элементарлы құрамы немесе «Қазандық агрегаттардың жылу есебі» нормативті әдісі бойынша анықталады;

$V_{\text{H}_2\text{O}}^0$ - дымқыл булардың теориялық көлемі, қатты отын үшін м³/кг, (газ тәріздес отын үшін м³/м³).

Жаппай шығарындыны анықтаған кездегі M_1 - оны шығарындыларда азайту шараларына дейін түтінді газдарда ластанатын зат және M_2 - шарадан кейін жаппай шығарындының айырмасы жаппай шығарындыны азайту шамасын - M , г/сек береді және мына формула бойынша есептеледі:

$$M = M_1 - M_2 \quad (9)$$

г/МДж меншікті шығарындыны (4) формуласымен, кг/т.у.т. меншікті шығарындыны (5) формуласы, түтінді газдарда ластанатын заттың концентрациясын мг/м³ (6) формуласымен кейіннен есептеу керек.

Түтінді газдардағы ластайтын заттарды анықтаудың есептік әдістері В қосымшасында келтірілген.

Ванадийге қайта есептегендегі мазутты күл шығарындыларын есептеу Г қосымшасында келтірілген.

ЕСКЕРТУ: Төменде келтірілген стандартты әдістемелер бойынша: ҚР СТ1516-2006, МСТ Р ИСО10849-2006, ҚР СТ 170.0.040-2002, ҚР СТ 1876-2009, ҚР СТ 1877-2009, ҚР СТ МСТ Р 12141, газ сынамаларын таңдау, оны өңдеу, зерттеу ережелеріне қойылатын бірыңғай талаптарды белгілеп, ластанатын заттардың атмосфераға шығарындыларын талдап есептейді.

Атмосфераға ластайтын заттардың бөлінетін шығарындыларының нормативтері

1 Экономикалық нормалау барысында эмиссиялардың техникалық меншікті нормативтері, қазан қондырғыларынан атмосфераға бөлінетін шекті - рұқсат етілген шығарындыларының нормативтері сияқты эмиссиялардың нормативтері белгіленеді.

2 Барлық шығарындылар үшін 1,4-ке тең артық ауа коэффициентінде г/МДж, г/т.ш.т. өлшенетін атмосфераға бөлінетін атмосфераға бөлінетін эмиссиялардың техникалық меншікті нормативтері «ЖЭС қазан қондырғыларында түрлі отынды жаққан кезде қоршаған ортаға бөлінетін эмиссияларға қойылатын талаптар» техникалық регламентімен белгіленеді.

3 Шығарынды көздерінің тізбесі қолданыстағы объектілер үшін сынамалар мен анализдерді таңдап алумен бірге шығарындыларды түгендеу негізінде, ал жобаланатын объектілер үшін жобалық ақпарат негізінде анықталады.

4 Уақыт бірлігіне (секундқа) шаққанда бөлінетін ластайтын заттың массасымен (грамдармен) анықталатын көздерден бөлінетін шығарынды нормативтері ШРШ (г/с) ең үлкен мәндері деп аталады. ШРШ шығарындыларды азайту қарқынының жобалық бағаларын орындау және түтінді газдармен кететін зиянды заттарды пайдаға асыру мүмкіндіктері үшін шұғыл мақсаттарда қолданылады.

Ең үлкен ШРШ-мен бірге жеке көздер және жалпы кәсіпорын үшін т/жылда ШРШ жылдық мәндері белгіленеді.

5 г/с ластайтын заттардың ең үлкен шығарындысын анықтаған кезде отынды жұмсау мәнін есеп мерзімінде ЖЭС қазан қондырғысының ең үлкен электрлі және жылу жүктемелері есебінен қабылданады.

6 Есеп мерзімінде тоннаға шаққанда ластайтын заттардың жаппай шығарындысын анықтаған кезде есептік формулаларға кіретін бастапқы шама мәндерін оларды осы мерзімге орташалай отырып, ЖЭС есептік мағлұматтары бойынша қабылдау керек.

7 ҚР СТ 1517-2006 сәйкес M ең үлкен бір реттік шығарындыны мына формула бойынша анықтайды:

$$M=Q \times C \quad (A.1)$$

мұнда Q - газдың көлемдік шығыны, м³/с (қ.ж. кезінде);

C - газдағы ластайтын заттың құрамы, г/м³ (қ.ж. кезінде).

8 Кәсіпорынның бір жылдам атмосфераға барлық ластау көздерімен ластайтын заттың т/г ВМ жаппай шығарынды мөлшері мына формуламен анықталады:

$$BM = \sum_{i=1}^n M_i \quad (A.2)$$

мұнда n - атмосфераны ластайтын көздердің саны;

M_i - атмосфераны ластайтын i-көзінің ластау затының бір жылдағы шығарындысы, т/жыл.

9 Кәсіпорынның атмосфераны барлық ластайтын көздермен барлық ластайтын заттардың бір жылдағы К OM_{Γ} жалпы шығарынды мөлшері мына формула бойынша анықталады: OM_{Γ} , т/г,

$$OM_{\Gamma} = \sum_{i=1}^n BM_i \quad (A.3)$$

мұнда n - ластайтын заттардың саны;

BM_i - бір жылда i ластайтын заттың жаппай шығарынды, т/жыл

Қазан қондырғылары

Қазан қондырғылары қазандар мен қосымша жабдықтан тұратын кешен болып табылады.

Қолданылу мақсаты бойынша қазандар буланатын және су ысытатын қазандар болып бөлінеді:

- буланатын қазандар бу шығару үшін қажет,

- су ысытатын қазандар ыстық алуға арналған, ол тұрғын үй-коммуналды объектілер жүйесінде, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен ауыл шаруашылығының, өнеркәсіптік және тұрмыстық мақсаттағы объектілердің технологиялық мұқтажы үшін қолданылуы мүмкін.

Қолданылатын отын түрі бойынша: - газды қазандар, сұйық және қатты отын негізіндегі қазандар.

Отынды жағу тәсілі бойынша - қатпармен жанатын қазандар; камералы жолмен жанатын қазандар.

Бу өнімділігі (немесе қуаты) және олардың жылу тасығыштың (бу, су) параметрлері қазандардың негізгі сипаттамалары болып табылады.

Өнімділігі бойынша: қазандар кіші қуаттағы, орташа қуаттағы, үлкен қуаттағы қазандар деп бөлінеді.

Т/ша №	Атауы	Қазанның номиналды бу өнімділігі, т/сағ	Қазанның номиналды қуаты, (МВт)
1	Аз қуаттағы қазандар	-	0,1- 4
		100-ге дейін	4 - 116
2	Орташа қуаттағы қазандар	100-ден 500-ге дейін	-
3	Үлкен қуаттағы қазандар	500-ден артық	-

Ластайтын заттардың концентрациясын анықтаудың есептік әдістері

1 Ластайтын заттардың концентрациясын анықтаудың есептік әдістері БҚ 34.02.305 бойынша келтірілген.

2 Есептеу жолымен көміртегі оксидінің концентрациясын орнату мүмкін емес, сондықтан, көміртегі оксидінің концентрациясын аспаптық өлшемдермен өлшеу қажет.

3 Суланған күл аулағыштармен және күкірт айлайтын қондырғымен жабдықталған жаққыштарда түрлі отын жаққан кезде күкірт оксидтері концентрациясын анықтаудың есептік әдістері.

Түтінді газдарда (т/с, т/жыл, т/ай және т.б.) күкірт оксидтері шығарындысының жиынтық мөлшері мына формула бойынша есептеледі:

$$V \cdot \eta'_{SO_2} \cdot \eta''_{SO_2} \cdot \eta^c_{SO_2} \cdot n_o \cdot n_k, \text{ т/с} \quad (B.1)$$

мұнда V - қарастырылатын мерзімде г/с, т/жыл, т/ай және т.б. отынның жұмсалуды.

S^r - отында жұмыс массасына шаққанда күкірттің құрамы, %;

η'_{SO_2} - қазандағы ұшпа күлмен байланыстырылған күкірт оксидтерінің үлесі;

η''_{SO_2} - қатты бөлшектермен бірге суланған күл аулағышында ауланатын күкірт оксидтерінің үлесі;

$\eta^c_{SO_2}$ - құрғақ күл аулағыштар үшін (электрлі сүзгілер, батереялық циклондар) нөлге тең болып қабылданады.

Суланған күл аулағыштарда бұл үлес суаратын судың жалпы сілтілігіне және отынның келтірілген күкірттігіне байланысты болып келеді, оның шамасы отындағы жұмыс массасына төменгі жұмыс массаның отынның жану жылулығына шаққандағы күкірттің құрамы қатынасымен анықталады. 0,1 - 0,15 $\text{дм}^3/\text{м}^3$ аралығында ЖЭС-да күл аулағыштарды суаруға арналған қабылданған судың меншікті шығындары кезінде η''_{SO_2} шамасы осы көмір түрі үшін эксперименталды мағлұматтар бойынша салынған суаратын судың сілтілігі және отынның келтірілген күкірттігінен осы коэффициентке байланысты графиктен анықталуы мүмкін;

$\eta^c_{SO_2}$ - күкірт аулайтын қондырғыда ауланатын күкірт оксидтерінің үлесі;

n_o - күкірт аулайтын қондырғы жұмысының ұзақтығы, сағ/жыл;

n_k - қазан жұмысының ұзақтығы, сағ/жыл.

4 Қатты бөлшек шығарындыларын есептеу:

Қазандардың түтінді газдары бар атмосфераға келіп түсетін $M_{\text{ТВ}}$ қатты бөлшектердің жиынтық мөлшері (г/с, т/жыл, т/тоқсан, т/ай) мына формула бойынша есептеледі:

$$M_{KB} = \frac{A^r \times B}{100 - \Gamma_{ш}} a_{ш} (1 - \eta_3) \quad (B.2)$$

мұнда В - отынның шығыны, г/с, т/жыл, т/тоқсан, т/ай;

A^r - отынның жұмыс массасына шаққандағы күлділігі, %;

$\Gamma_{ш}$ - шығарылатын жанармайдың құрамы, %;

$a_{ш}$ - қазаннан газбен шығарылатын күлдің үлесі (шығарылған кезде отынның күлдегі үлесі);

